

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректор өкілі
Ж. Томар

« 10 » 03 2022 жыл



«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректоры
Ж. Темірбекова

« 09 » 03 2022 жыл

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-085-2022

Республикалық «Ясауи» Олимпиадасының ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Кәсіби бағдар орталығы тарапынан **ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**
2. Әзірлегендер – Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы
Е.Төлегенов
3. Келісілді – Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
– Заң бөлімінің басшысы Ғ.Мұсаханов
– Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының
басшысы Ж.Дарибаев
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2022 ж.
5. Тексерілу мерзімі – 2024 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-085-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Республикалық «Ясауи» олимпиадасының ережесі		7 беттің 2 - беті

Мазмұны

1. Қолданылу саласы	3
2. Нормативтік сілтемелер	3
3. Жауапкершілік және өкілеттілік	3
4. Жалпы ереже	3
5. Олимпиадаға тіркелу	3
6. Олимпиаданы өткізу тәртібі	4
7. Олимпиада жеңімпаздарын марапаттау	5
8. Өзгерістерді ендіру	5
9. Келісу, сақтау және тарату	5
10. Танысу парағы, қосымша А	6
11. Өзгерістерді тіркеу парағы, қосымша Б	7

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-085-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Республикалық «Ясауи» олимпиадасының ережесі		7 беттің 3 - беті

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1. Бұл ереже университетке білімді талапкерлерді шақыруда және университетті танытуда негізгі құжаттардың бірі болып табылады.

1.2. УЕ ХҚТУ-085-2022 Университет ережесі университеттің СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

2. НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР (СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР)

Университеттің осы Ережесінде төменде көрсетілген нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған:

- ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарды басқару;
- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2026 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сәйкес дайындалды.

3. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

3.1. Университеттің осы Ережесі Ахмет Ясауи университетінің ректоры және ректор өкілі тарапынан бекітіледі.

3.2. Университеттің осы Ережесі талаптарының енгізілуіне Кәсіби бағдар орталығының басшысы жауапты болып табылады.

3.3. Университеттің осы Ережесі талаптарының орындалуын Академиялық мәселелер вице-ректоры қадағалайды.

4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

4.1. Олимпиаданың басты мақсаты оқушылардың интеллектуалды және шығармашылық қабілеттерін айқындау, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылығын арттыра отырып дарынды оқушыларды қолдау.

4.2. Олимпиада жалпы білім беру мекемелерінің бітіруші сынып (11, 12) оқушыларының зияткерлік сайысы болып табылады.

4.3. Олимпиада үш кезеңнен тұрады және онлайн және офлайн режимінде өткізіледі. Бірінші кезең тестілеу онлайн режимінде. Екінші кезең тестілеу офлайн режимде. Үшінші кезең оқушысының шығармашылық қабілеті мен дарынын байқауға арналған бейне ролик дайындау.

4.4. Олимпиаданың бірінші және екінші кезеңі ТОО "U- FUTURE " тестілеу орталығымен бірлесе өткізіледі. Үшінші кезеңін Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ұйымдастырады.

5. ОЛИМПИАДАҒА ТІРКЕЛУ:

Республикалық «Ясауи» олимпиадасына қатысушы <http://u-yasawi.kz/> сайтына кіріп, тіркелу үшін оқушы өзі туралы толық мәліметті толтырады.

Тіркеу аяқталған соң, оқушы тіркелу кезінде қалыптастырған логин және пароль арқылы жеке кабинетіне кіріп, тиісті ақпараттарды алады.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-085-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Республикалық «Ясауи» олимпиадасының ережесі		7 беттің 4 - беті

6. ОЛИМПИАДАНЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ:

Республикалық «Ясауи» олимпиадасы үш кезеңнен тұрады.

Бірінші іріктеу кезеңі:

- Іріктеудің бірінші кезеңінде онлайн режимінде тест тапсырады. Тест «Қазақстан тарихы» және «Математикалық сауаттылық» пәндері бойынша өтеді. Тест тапсырмаларының жалпы саны 100. Әр пән бойынша 50 сұрақ.
- Тестілеу бойынша өту балы: екінші кезеңге бірінші кезеңнің нәтижесі бойынша кемінде 50 (елу) балл жинаған барлық қатысушылар өтеді.

Екінші іріктеу кезеңі.

- Екінші іріктеу кезеңі офлайн режимінде «Ustudy» аймақтық тестілеу орталығында өтеді. Екінші кезеңде оқушы таңдауы бойынша ҰБТ-ның бейіндік пәндеріне сәйкес (математика, физика, биология, химия, шет тілі, география, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, қазақ тілі / орыс тілі, қазақ әдебиеті / орыс әдебиеті) екі пәннен тест тапсырады. Тест тапсырмаларының жалпы саны 100.
- Тестілеу бойынша өту балы: үшінші кезеңге екінші кезеңнің нәтижесі бойынша кемінде 70 (жетпіс) балл жинаған барлық қатысушылар өтеді.

Үшінші іріктеу кезеңі.

- Үшінші іріктеу кезеңінде қатысушы өзінің шығармашылық, дарындылық, танымдық қасиеттерін көрсету мақсатында «Неге мен Ясауи университетінің грантына лайықпын?» атты тақырыпта бейне-ролик дайындайды.

Бейне-роликке қойылатын талаптар:

- 1) бейне-презентацияның ұзақтығы - 2 минуттан аспайды;
- 2) техникалық талаптарға сәйкестігі;
- 3) бейнефильм сюжетінің таңдалған тақырыпқа сәйкестігі;
- 4) өзіндік ерекшелігі;
- 5) безендірудің эстетикасы, түс шешімінің жұмыс тақырыбына сәйкестігі;
- 6) авторлық құқықты сақтау.

Бейне-роликті Reels форматында Instagram-ға #YASAWIgrant2022 хэштегімен жүктейді және қосыша бейне-роликті talapker@ayu.edu.kz электронды поштасына жібереді.

Бейне роликті бағалау критерийлері

№	Бағалау өлшемі	Берілетін балл
1	Бейнефильм сюжетінің таңдалған тақырыпқа сәйкестігі	1-25
2	Техникалық талаптарға сәйкестігі	1-15
3	Ерекшелігі шынайлығы	1-20
4	Графиканы, анимацияны пайдалану, оның жұмыс мазмұнына сәйкестігі	1-20
5	Жұмыс сапасы. Безендірудің эстетикасы, түс шешімінің жұмыс тақырыбына сәйкестігі.	1-20
	Жалпы балл	100

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-085-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Республикалық «Ясауи» олимпиадасының ережесі		7 беттің 5 - беті

7. ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ:

Олимпиаданың үшінші кезеңінің қорытындысы бойынша жоғары ұпай жинаған жеңімпаздары марапатталады. Олимпиаданың қорытындысы бойынша жеңімпаздарға Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде оқу үшін Түркия квотасы беріледі. Түркия квотасының иегері университетті бітіргенше тегін білім алады. Жеңімпаздарға арнайы Түркия квотасын иеленгендігі туралы сертификат беріледі.

Республикалық «Ясауи» олимпиадасының жеңімпазы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде оқу үшін ҰБТ-ға қатысып, университеттің қабылдау комиссиясы белгілеген шекті балды алуы тиіс.

Республикалық «Ясауи» олимпиадасының жеңімпаздары Түркия квотасын иеленгендігі туралы сертификатта көрсетілген бейіндік пәні мен ҰБТ сертификатында көрсетілген бейіндік пәндері сәйкес келетін Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіндегі өзі таңдаған мамандыққа оқуға жіберіледі.

8. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

8.1. Университеттің осы ережесін басқару және өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

8.2. СМЖ құжаттарына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

9. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

9.1. Осы университет ережесі Сенат отырысында бекітіледі және хаттамамен рәсімделеді.

9.2. Осы университет ережесінің рәсімделуін бақылау нұсқасын сақтау жауапкершілігі Стратегиялық жоспарлау рейтинг және сапа орталығына жүктеледі.


9.3. Осы университет ережесінің орындалуын бақылау Кәсіби бағдар орталығына жүктеледі.

9.4. Осы университет ережесін тарату электронды түрде жүргізіледі, құжатты университет сайтының білім порталындағы жеке кабинеттерге орналастыру Кәсіби бағдар орталығына жүктеледі.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер вице-ректоры  Э.Идрисова

Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы  Ф.Мұсаханов

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы  Ж.Дарибаев

